

Атаханова С.К.

**Қазақстан Республикасындағы
азаматтық сот ісін жүргізудің
тілін таңдау еркіндігі
конституциялық қағида
ретінде**

Бұл мақалада азаматтық сот ісін жүргізудің тілін таңдау еркіндігі конституциялық қағида ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасында азаматтық сот ісін жүргізудің тілін таңдау еркіндігі негізінен екі аспектіде қаралатын қағида. Бір қырынан алып қарағанда, мұны конституциялық құқықтық қағида ретінде, екінші жағынан азаматтық іс жүргізу құқығының басты қағидасының бірі ретінде түсінуге болады. Азаматтық сот ісін жүргізуде тілді қолданудың еркіндігі, конституциялық деңгейдегі адам құқықтары мен бостандықтарының ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан да, оны тек қана азаматтық іс жүргізу құқығының аясында қарастыру мүмкін емес.

Түйін сөздер: азаматтық сот ісі, сот ісін жүргізу тілі, конституциялық қағида, мемлекеттік тіл.

Atakhanova S.K.

**Freedom of language choice
in civil proceeding of the
Republic of Kazakhstan – as a
constitutional principle**

In this article is considered to freedom of elective language in the civil courts process, as to as is constitutional law principals. The principle of a freedom of choice of language in civil legal proceedings in the Republic of Kazakhstan is generally considered in two aspects. On the one hand, this principle can be considered as the constitutional principle, on the other hand as the basic principle of a civil procedural law. The language choice in civil process as the constitutional principle is an integral part of the rights and freedoms of the person. Therefore, it is impossible to consider this principle only within a civil procedural law.

Key words: civil legal proceedings, language of legal proceedings, constitutional principle, state language.

Атаханова С.К.

**Свобода выбора языка
в гражданском
судопроизводстве
в Республике Казахстан – как
конституционный принцип**

В данной статье рассматривается свобода выбора языка в гражданском судопроизводстве, как конституционно-правовой принцип. Принцип свободы выбора языка в гражданском судопроизводстве в Республике Казахстан в основном рассматривается в двух аспектах. С одной стороны, этот принцип можно рассматривать как конституционный принцип, с другой стороны как основной принцип гражданского процессуального права. Выбор языка в гражданском процессе как конституционный принцип является неотъемлемой частью прав и свобод человека. Поэтому, невозможно рассматривать этот принцип только в рамках гражданского процессуального права.

Ключевые слова: гражданское судопроизводство, язык судопроизводства, конституционный принцип, государственный язык.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН
ЖҮРГІЗУДІҢ ТІЛІН
ТАҢДАУ ЕРКІНДІГІ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ҚАҒИДА РЕТІНДЕ**

Қазақстан Республикасында азаматтық сот ісін жүргізудің тілін таңдау еркіндігі негізінен екі аспектіде қаралатын қағиданың қатарына жатады. Бір қырынан алып қарағанда, мұны конституциялық құқықтық қағида ретінде, екінші жағынан азаматтық іс жүргізу құқығының басты қағидасының бірі ретінде түсінуге болады. Оның себебі, жалпы бұл қағида екі қырлы сипаттағы қағида екендігінде.

Аталған қағиданы конституциялық-құқықтық аспектіде қараудың өзіндік негіздері де жоқ емес. Қазақстан Республикасының 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Конституциясының 7-бабында жалпы қолданыстағы «Тіл туралы» Заңында мынандай норма орын алған: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл-қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» [1, 9 б]. Жалпы азаматтық сот ісін жүргізудің аталған қағидасы осы нормадан негіз алады. Сондықтан да, бұл конституциялық-құқықтық тұрғыда маңызы бар негізгі қағидалардың қатарына жатады. Бұл қағида қолданыстағы 13 шілде 1999 жылы қабылданған Азаматтық іс жүргізу кодексінің 14-бабында төмендегідей негізде орын алған: «Азаматтық істер бойынша сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілмен орыс тілі немесе басқа тілдер бірдей қолданылады.

Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап арыз берілген тілге қарай сот ұйғарымымен белгіленеді. Белгілі бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады.

Іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жөнді білмейтін іске қатысушы адамдарға сотта ана тілін немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктер мен жауап беру, өтініш білдіру, шағым жасау іс материалдарымен танысу, сотта сөйлеу осы Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушы адамдарға басқа тілде жазылған істің заң бойынша қажетті іс материалдарының

сот ісін жүргізу тіліне сот тегін аударып беруді қамтамасыз етеді. Сот процесіне қатысушы адамдарға сотта сөйлеген сөздің басқа тілде айтылған бөлігін сот ісін жүргізу тіліне аударып беру қамтамасыз етіледі.

Сот құжаттары іске қатысушы адамдарға олардың ана тіліне немесе олар білетін басқа тілге аударып беріледі» [2, б б]. Бұл қағиданың конституциялық қағида ретінде қарастыруға негіз болатын тағы бір жағдай, жалпы бұл адам құқықтары мен бостандықтарымен тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан да, конституциялық деңгейдегі мәнге ие болып табылды.

Қазақстан Республикасында 11 шілде 1997 жылы Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заң қабылданғанын жақсы білеміз. Аталған заңның 13-бабында сот ісін жүргізудің тілі деген норма орын алған, онда былай делінген: «Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады» [3, 11 б]. Сот ісін жүргізуде көріп отырғанымыздай, әркім өзіне түсінікті тілде немесе меңгерген тілде мәлімет алуды қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар. Көрсетілген талап осыны қамтамасыз етеді де. Сонымен қатар, бұл заңда тіл туралы заңды бұзғаны үшін жауаптылық та көрініс тапқан: «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары, не жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдары, кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады» [3, 13 б]. Тағы да бір айта кететін жағдай, аталған заңда мемлекеттік тілге ерекше мән берілген. Ол туралы Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы 11 шілде 1997 жылғы заңның 4-бабында мемлекеттік тіл туралы былай делінген: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттік бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарын мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

Қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті» [3, 10 б]. Бұл айтылған жағдайлардың барлығы, елімізде тілді қолданудың негізгі нормативтік базасы болып табылады. Ол сонымен қатар, азаматтық сот ісін жүргізу мәселесіне де қатысты.

Азаматтық сот ісін жүргізуде әртүрлі істер қаралады. Мысалы, мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың істері қаралады. Осы жағдайда да сот ісін қараудың тіліне ерекше мән берілетіндігі белгілі. Мемлекеттік ұйымдармен өзін-өзі органдарында қазақ тілі мен орыс тілі тең дәрежеде қолданылады. Ол туралы конституциялық Кеңестің өзінде Қаулысы бар. Ол қаулыда мынандай мәселелер көрсетілген: «Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы №10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы №3 қосымша қаулысында мемлекеттік тілді қолдану туралы былай деп көрсетілген: «Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілдер туралы заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы №10/2 қаулысынан келіп шығатыны, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде, ешбір жағдайдан тыс бірдей қолданылады.

Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тіл-қазақ тілімен ресми түрде пайдаланылатын орыс тілінің тең қолданылуы бұл соң-

ғысына мемлекеттік тіл мәртбесі берілетінін білдірмейді.

Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария – құқық саласында қолданылуының айрықшалығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тыс жерлерде, атап айтқанда, мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар (қабылдаулар, ассамблеялар, съездер, конференциялар, дөңгелек үстел отырыстарын) өткізу кезінде қазақ және орыс тілдерінің тең қолданылуын белгілемейді, ал конституцияның 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған «тең» термині мұндай іс-шараларға қатысты емес. Республика Конституциясы әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Бұл орайда, ынталандыра отырып, мемлекет мемлекеттік тілге, оның дамуына, мемлекеттік-құқықтық реттеу саласын ғана емес, қоғамдық қатынастардың басқа да барлық салаларын қамтып, қолданылуына қамқорлық жасауға тиіс.

Заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның ешкімді ешқандай соның ішінде тіліне байланысты кемсітуге оралмайды деген, сондай-ақ әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығын баянды ететін конституциялық ережелердің талабын ескеруге тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституцияның 73-бабының 4-тармағында көзделген реті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын» [3, 8-9 бб].

Қазіргі кезеңде Кеңестік уақытта қабылдануына қарамастан, сот ісін жүргізу тіліне байланысты сот ісі жүргізілетін тіл жөнінде заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы Қазақ КСР Жоғары Соты Пленумының 1989 жылғы 22 желтоқсандағы №12 Қаулысы жұмыс атқарады. Бұл Қаулыда сот ісін жүргізуде тілді қолданудың бағыттар туралы мынандай талап белгіленген: «Сот ісі жүргізілетін тіл қазақ ССР Конституциясы тікелей бекітіп берген азаматтық

іс жүргізудің, қылмыстық іс жүргізудің және әкімшілік правоның аса маңызды принциптерінің бірі болып табылатынын ескеріп, Азаматтық істер жүргізу кодексінің 8-статьясының, Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 11-статьясының және әкімшілік право бұзушылық туралы кодекстің 261-статьясының талаптарын қатаң сақтау қажеттігіне республика соттарының назары аударылсын.

Заңға сәйкес Қазақ ССР-інде сот ісі қазақ және орыс тілдерінде немесе сол жердегі халықтың көпшілігінің тілінде жүргізіледі. Сот ісі бірнеше тілде жүргізілетін аймақтарда сот ісін жүргізу тілі азаматтық істер бойынша ақы талабы арызы қабылданған кезде, қылмыстық істер бойынша қылмыстық іс қозғалған кезде, әкімшілік право бұзушылық туралы істер бойынша-әкімшілік право бұзушылық туралы протокол жасалған сәттен бастап белгіленеді.

Сот ісін жүргізу тілін өзгерту алдын-ала тергеу органының дәлелді қаулысы немесе соттың ұйғаруы бойынша жүргізіледі.

Талапкердің, жауапкердің және іске қатысушы басқа адамдардың, процеске: айыпкердің, сотталушының, қорғаушының, жәбірленушінің және олардың өкілдерінің сот ісі жүргізілетін тілді білмеуіне байланысты олардың праволарын қандай да болсын шектеу және бұл адамдарға процесстің кез келген сатысында ана тілін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етпеу азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын елеулі түрде бұзушылық болып табылады және бұл Азаматтық істер жүргізу кодексінің 307-статьясында, Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 330-статьясына сәйкес шешімді немесе үкімді міндетті түрде бұзуға әкеп соқтырады.

Барлық реттерде іске қатысушы адамдардан және процеске қатысушылардан олар сот ісі жүргізілетін тілді біле ме, оларға тілмаш қажет пе, соны анықтау керек. Оларға ана тілінде түсініктеме беру, өтініш жасау, мәлімдеме жасау праволары түсіндірілсін. Азаматтық істі сотта қарауға әзірлеу кезінде судья талапкерден, жауапкерден, іске қатысушы басқа адамдардан олар сот ісі жүргізілетін тілді біле ме, оларға тілмаш қажет пе, соны анықтауға міндетті. Егер олардың кейбіреуі сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін болса, сот тап осы сатыда бұл адамға ақы талабы арызын немесе шағымының ана тіліне аударылған көшірмесін табыс етуге тиіс.

Сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдарға сот ісі жүргізілетін тілдегі қарапайым сөйлеу тілін нашар түсінетін, өз ойын сол тілде еркін жеткізе алмайтын, сөйлеу тілінде және текстерді

оқыған кезде қиыншылық көретін адамдар жатады.

Соттардан Азаматтық істер жүргізу кодексінің 11-статьясының талаптарын қатаң сақтау талап етілсін, соларға сәйкес сот және тергеу документтері сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін талапкерге, жауапкерге, айыпкерге, сотталушыға, сотталған адамға не олардың өкілдеріне. Олардың ана тіліне немесе солар білетін тілге аударылған сот мәжілісі барысында шығарылған ұйғарымдарды, сот шешімдерін, кассациялық шағымдарды, наразылықты, сондай-ақ оларға қарсылық білдіру және кассациялық ұйғарымдарды, ал қылмыстық іс жүргізу заңдары-тінту, алып қою, мүлікті хаттау протоколдарын, іс жүргізуді қысқарту туралы қаулыны, істі қысқарту туралы соттың жарлық беруші

мәжілісінің ұйғарымын, айыптау қорытындыны, сот үкімін, кассациялық шағымдарды, наразылықтарды жатқызады. Іске қатысушы адамдардың және процеске қатысушылардың өтініші бойынша істің басқа да материалдары аударылуы мүмкін» [3, 35-36 бб].

Азаматтық сот ісін жүргізуде тілді қолданудың еркіндігі, конституциялық деңгейдегі адам құқықтары мен бостандықтарының ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан да, оны тек қана азаматтық іс жүргізу құқығының аясында қарастыру мүмкін емес. Осы тұрғыдан алып қарағанда, сот ісін жүргізудің тілін таңдау еркіндігі, Қазақстан Республикасындағы азаматтық сот ісін жүргізудің конституциялық-құқықтық қағидаларының негізгілерінің қатарына жатады деп санаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 136 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Юрист, 2006. – 124 б.
- 3 Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы негізгі заң актілері. – Алматы: Юрист, 2008. – 40 б.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. – Almaty: Zhety zhargy, 2007. – 136 b.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk is zhyrgizu kodeksi. – Almaty: Jurist, 2006. – 124 b.
- 3 Kazakstan Respublikasyndagy tilder turaly negizgi zan aktileri. – Almaty: Jurist, 2008. – 40 b.